

Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің 2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы желтоқсан айы бойынша аналитикалық есебі.

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

**ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН
АДАЛ АЗАМАТ
ОЗЫҚ ОЙЛЫ ҰЛТ**

“Тәуелсіз және Отаншылдық”

“Бірлік және ынтымақ”

“Жасампаздық және жаңашылдық”

Желтоқсан - ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін “Рухани жаңғырудың” құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; рухани-адамгершілік тәрбие беру.

1. **“Өнегелі 15 минут”** атты 0-11 сыныптардың ата-аналар комитеті төрайымдарының, жоспарға сай директор жанындағы жиналысы өтті.



2. 25 қарашадан 10 желтоқсан аралығында **“Зорлық-зомбылықсыз 16 күн”** акциясы өтеді.



3. **"Берекелі бейсенбі "**күні "Ризашылдық, құрмет көрсету"
тақырыбында 2 "Ә" сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Мақсаты:
оқушылар арасында жақсы көңіл-күй орнату, достық қарым-қатынас,
мейірімділік, ризашылық, құрмет көрсету ұғымдарын қалыптастыру.
Мектеп психологы: Кажибоева Г. К



4. Мектебімізде 1-11 сыныптар арасында **“Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні”** акциясы бойынша сынып сағаттары өтті. Мақсаты: Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Зорлық - зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу.



5. **«Біртұтас тәрбие»** мемлекеттік бағдарлама аясында Республика күніне орай ұйымдастырылған «Атамекен» атты Республикалық, онлайн байқауда жеңімпаздарды дайындағаны, дарынды оқушылардың ынталануына мүмкіндік тудырумен қатар шығармашылық қабілетін шыңдауға дағдыландырып, білім сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін ИБРАГИМОВА Анар Маратқызы және КУСАИНОВА Бакытгуль Тантайқызы **“Алғыс хат”** марапатталды.



6. 1 "А" сыныбында **"Табиғатқа қамқорлық жасаймыз"** тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларды табиғатты аялауға, қамқорлық жасауға, ізгілікке тәрбиелеу. Табиғатқа мейірімділікпен қарауға үйрету. "Табиғат пен адам-егіз ұғым" адамзат баласы жер ананы аялап, жайлы өмір сүру үшін қоршаған ортаны қорғауды керек. Сабақ барысында қауіпсіздік ережелері таныстырылды.

7. "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының, **"Әділдік және жауапкершілік"** айы аясында, 5 желтоқсан - Дүниежүзілік Еріктілер күніне орай, 3 "Ә" сынып оқушыларымен еріктілік қызмет көрсетілді. Мақсаты: Оқушыларда волонтерлік қозғалыс, оның негізгі бағыттары және қоғам өміріндегі маңызы туралы түсінік қалыптастыру. Аудандық Төтенше жағдай бөлімінен арнайы **"Боран болған жағдайда өзімізді қалай ұстауымыз қажет?"**, **"Өрт қауіпсіздігі"** тақырыбында таратпа қағаздарын алып, оқушылармен бірге аудан тұрғындарына таратып, жарнама тақтасына жабыстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл қызмет барысында, оқушылар аз да болса еріктілік қызметтің қыр-сырын түсініп, болашақта адамдарға қол ұшын беріп, көмектесуге дағдыланады.



8. 1 сынып оқушылары жол қауіпсіздік ережелерімен танысуы өте маңызды, себебі бұл олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жолда дұрыс жүріп-тұру әдеттерін қалыптастырады. Балаларды жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау, және жол белгілері туралы түсінік

берілді. Оқушыларға қызықты әрі пайдалы болады, әрі олар жол ережелерін ерте жастан игеруге мүмкіндік алады.

"Бағдаршам" тобы Г.Жанабекова

9. **"Зорлық-зомбылықсыз 16 күн"** республикалық акция 8-10 сыныптар арасында өтті.

Ұйымдастырушылар «Женский луч» қоғамдық ұйымының мамандары: Салимова Зарина Қайратқызы-заңгер және жаттықтырушы, Шаврова Наталья Васильевна – жоба үйлестірушісі және жаттықтырушы. Оларға полицияның аға лейтенанты Киюбек Наргиза Жадетқызы, Астрахан ауданы полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің әйелдер құқығын зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы қосылды. Негізгі бағыттардың бірі «Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенділіктің 16 күні» халықаралық акциясы аясында өткізілген дәрістер топтамасы болды.

10. 5 Желтоқсан күні мектебімізде **“Айбын-2024”**

облыстық әскери-патриоттық клубтардың 10-11 сыныптар арасында 8 командадан жиыны өтті.

Мектебіміздің 10 сынып командасы ІІ орын алды.

Жетекшісі: Абдрахманов Б.А.

Құттықтаймыз және алдағы жеңістеріңізге тілектеспіз!

11. Мектебімізде 9 желтоқсан күні **“Тәуелсіздік тірегім”** атты 1-11 сыныптар арасында лездеме өтті.

1991 жылғы 16—желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздігі жөнінде оқушыларға ақпарат берілді



12. **"Буллинг және Кибербуллинг"** атты өмірге салауатты қадам жұмыс жоспарына байланысты мектеп кітапханасында Буллинг және Кибербуллинг сөзінің мағынасын ашу, оқушылар арасындағы қорлау,мазақтау,намысқа тию жағдайлардың алдын алу, оқушыларды сыйластыққа, бір - біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында

"Буллинг және Кибербуллингтың алдын алу" тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

13. Тәуелсіздік күніне орай **"Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым!"** тақырыбында ашық сынып сағаты өтті. Сынып сағатының мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт – дәстүрін қастерлейтін саналы да парасаты азаматтар тәрбиелеу.
- Елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын, Тәуелсіздігін қастерлеуге өз елін, тегін, тарихын біліуге тәрбиелеу. Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптеу. Тәуелсіздік күніне орай ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында "Бәйге" ойыны ойнатылды. Ата-аналар бірігіп, балаларға сайдың тасындай сәйгүліктерді өздері қолдарынан жасады. Ойын өте қызықты өтті. Ойын арқылы оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, ептілікке тәрбиелеу. Сынып сағатына оқушылар өте белсенді қатысты.



14. **"Зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні"** атты акция аясында 1-5 сыныптар арасында **"Бақытты отбасы - бақытты мемлекет"** сурет көрмесі өткізілді. Сурет көрмесін қорытындылай келе жүлделі орындармен оқушылар марапатталды.
- I орын: Аскаров Али 2 "а", Ерік Аймира 4 "ә", Серік Әділет 5 "а"
- II орын: Әбдібек Жанерке 1 "а", Садыбек Сұлтанбек 1 "ә", Муканова Дидара 3 "а"
- III орын: Ержан Айша 2 "ә", Қалилolla Ернұр 3 "ә", Азамат Аяжан 3 "ә", Асау Саягүл 5 "а"
- Жауапты :Оспанова Г.К
15. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың **«Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс»** атты үшінші отырысындағы сөйлеген сөзінде ұлттың жаңа келбетін қалыптастыруға пәрмен беретін құндылықтарды атап өтті. Аталған құндылықтар **«Біртұтас тәрбие»** бағдарламасының басты мазмұнын құрайды. Желтоқсан айы бірлік пен ынтымақ айы деп белгіленген. Сонымен қатар жоспарға сай сынып сағаттары **«Жетістігімді еліме арнаймын»** челленджі, **"Желтоқсан құрбандарын еске алу"** атты іс-шаралар өтті.

16. 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік шуағы» атты көлеңкелі көрініс жасалды.

Мақсаты: Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы тарихын, жетістіктерін және ұлттық рухын көрсету.

1. Көрініс: Ежелгі Қазақстан
2. Көрініс: Хандық дәуірі
3. Көрініс: XX ғасырдағы ауыр кезеңдер
4. Көрініс: Желтоқсан көтерілісі
5. Көрініс: Тәуелсіздік күні
6. Көрініс: Бүгінгі Қазақстан

Сценарий жасаған жетекші Абишева С.Б.

Жауапты 9 "А" сынып оқушылары

17. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай мектеп кітапхансында "Тәуелсіздік белестері" тақырыбында кітап көрмесі және буктрейлер ұйымдастырылып оқушыларға таныстырылды
- Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздік белестері туралы түсіндіру және де Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, өз халқының тарихын білуге тәрбиелеу

Сөзін оқыған Бахтияр Балнұр, Ордабай Ақерке

Ұйымдастырған Турдимуратова Б.А



18. Мектебімізде 2024 оқужылының желтоқсан айына “Жайдарман - 2024” көңілді тапқырлар сайысы 7-10 сынып оқушылары арасында жоспарға сай іріктеу кезеңі ұйымдастырылады. Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, халқына қызымет ету, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну. Сыни креативті ойлау, дұрыс қарым-қатынас орната білу. Ойын ойнау арқылы достыққа тәрбиелеу. Шара барысында еркін тақырыптағы қағытпа қалжың, астарлы әзіл айта алатын оқушыларды іріктеу. “Жайдарман” үйірмесінің жетекшісі: Дәлелхан Е

19. Астрахан ауылының №1ЖОББМ"КММ-нің "1-11" сыныптар арасында оқушыларымен жаңа жыл мерекесіне орай "Қош келдің, жаңа жыл"атты шырша мерекесі өтті .Мақсаты: Оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.Аяз ата мен Ақшақар балалардың көңіл-күйлерін көтерді.Көңілді ойындар ойнай отырып достық қарым-қатынасқа баулу.Мектеп директоры:Шоңғалова Гүлнар Бахытовна оқушылар мен ата-аналарды, ұстаздарды жаңа жыл мерекесімен құттықтады.Оқушылар ән айтып,биледі.Оқушылар мен ата -аналар мерекеге белсене қатысты.

